

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамы акцияларының бір бөлігін сату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 қазандағы N 1001 Қаулысы

Қазақстан Республикасының қор нарығын одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - холдинг) меншігінде "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының дауыс беретін акциялары (бұдан әрі - "Қазақтелеком" АҚ-ның акциялары) жалпы санының кемінде 51 пайызын сақтай отырып, "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының әрқайсысының номиналдық құны 1000 (бір мың) теңге 497597 (төрт жүз тоқсан жеті мың бес жүз тоқсан жеті) дана жай атаулы акцияларды құрайтын дауыс беретін акцияларының жалпы санының 4,6 пайызы ішкі қор нарығында сатылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) екі апта мерзімде холдингпен бірлесіп, "Қазақтелеком" АҚ-ның акцияларын сату жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітуді;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі